

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

“Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тілдік ерекшеліктер”ЖАРИЯЛАНДЫ
05.06.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/180346/>

Автор: Тұрсынғали Любовь Құттығұлқызы

Тақырыбы:

«Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктері»

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының

Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің

«Ақсай қаласының №7 ЖОББМ»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

педагог-зерттеушіТұрсынғали Любовь Құттығұлқызы

I. Кіріспе

Жергілікті тіл ерекшеліктерінің жалпы әдебиетте рөлі мен маңызы

Халық тілінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктері – зерттеушілердің назарын ертеден аударып келе жатқан құбылыстардың бірі. Қай тілде болсын, тіл ерекшеліктері кездеседі. Қазақ жұрты тараған өлкелердің бәрінде де сол жердегі қазақтардың тіліне тән сөз ерекшеліктері бар. Мұны ғылымда диалектілік құбылыстар деп атайды. Диалектілер – халық тілінің жемісі. Әрбір өлкеде тұратын қазақтардың тіліндегі айырмашылықтардың пайда болуының тарихи сыры бар. Халық тілі мен диалектілер әдеби тілді байытып қана қоймай, шешен сөйлеуге де үйретеді. Көркем шығармалардағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің маңыздылығы неде, деген сұраққа жауап іздеп тәжірибе жинақтадым.

Көркем шығармаға қойылатын талаптың бірі – оқырманға түсінікті болу. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті сөздерді көркем әдебиет тіліне орынсыз, шамадан тыс тықпалай беру шығарманың көркемдік құндылығына нұқсан келтіреді. Шығарманы сыдыртып оқуда құлаққа тосын естілетін сөздер шамадан тыс көп кездесе, оқырман еріксіз кібіртіктеп, бөгеліп, кейде сюжет желісінен айырылып қалып отырады.

Оқушылар көркем әдебиет шығармаларын оқиды, оның тілін шығармашылық жұмыстарды орындауда қолданады. Егер көркем шығарма тілінде әдеби шығарма тілге

жатпайтын сөйлемдер кездессе, ондай сөздер оқушының тілін байыта алмайды. Көркем әдебиеттегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу, тіл көркемдігін арттыру, тіліміздегі әрбір сөздің мән-мағынасын түсіну, өзгелердің түсінуіне жол ашу – басты мақсат. Сол себепті мен Маңғыстау жерінің мақтанышы, бүкіл қазақ атауларының аузында жүрген тумалық талант, парасатты жазушы, мемлекет қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың шығармаларының көркем тілін, жергілікті тіл ерекшеліктерін танытуды мақсат еттім.

Шығармаларын оқыған сайын, тіл шеберлігінің молдығы мен жымдасқан халық тілінің бар екеніне көзіміз жетеді. Ол – аса дарынды жазушы, жарқын тұлға, жұрт таныған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Оның шығармаларының бәрі таңдаулы. «Ханша дария хикаясы», «Құс қанаты», «Күй», «Үркер», «Елең-алаң» роман – хикаяттары осының дәлелі. Сондықтан, әдеби тілді ұштап, диалектіні бірте-бірте жылжытып, көркем әдеби тілге жақындатуда қазіргі сөз шебері Әбіш Кекілбаевтың үлесі зор.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында қолданылатын жергілікті жерге тән сөздер мен тіркестер

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларынан «Құс қанаты» хикаяты,

«Тасбақаның шөбі» және «Шыңырау» әңгімесі шығармаларын оқыдым. Маңғыстау өлкесі қазақтарының өздеріне тән диалектілік ерекшеліктері осы шығармалар арқылы іріктеліп алынып, мағынасына талдау жасадым.

1. «Құс қанаты» хикаятында мынадай диалектілер бар.

1. «Көз көрген сары аяқ келін едің, мына оқымысты неме ит арқасы қиянға алып барады. [25-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

2. Ал енді әлгі баласының бір күні ігір де жоқ, мігір де жоқ білегінен жетектеп әкеп кіргізетін шүйкебасы қайда? [26-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

3. Солай, ағайын, бұл оңай емес нәсте. [35-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

4. Сол жылы бір алағайдан соң, бір бұлағай келеді де тұрады. [43-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

5. Борпаяқ неме жетегіне ере алмай, тасқынға ығып кетер түрі бар.» [44-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

Бұл сөйлемдердегі сары аяқ – үйреншікті

ігір де жоқ, мігір де жоқ – бірден

бір алағайдан соң, бір бұлағай келу – қысылтаяң уақыт

Борпаяқ – жай, шабан қимыл

Бұл үзіндіде жергілікті тіл ерекшеліктері мен тілдік образдар айқын көрінеді. Әрбір сөз тіркесі мен фразеологизм жазушының шығармасында аймақтық нақыш пен ерекшеліктерді білдіріп, оның мәнін тереңдетеді. Талдап көрейік:

1. «Сары аяқ» — үйреншікті. Мағынасы: Бұл сөз тіркесі – адамды сипаттайтын көркем сөз. «Сары аяқ» тіркесі ауыл тұрмысында әдетте үйреншікті, бейімді адамды білдіретін сөз ретінде қолданылады. Мұндағы «сары аяқ» адамды көргенде, оның табиғи мінез-

құлқын әрі дағдылы өмірін сипаттайды.

2. «Ігір де жоқ, мігір де жоқ» — бірден. Мағынасы: Бұл тіркес адамның бір нәрсені тез әрі ұқыпты жасамайтынын немесе баяу әрекет ететінің көрсету үшін қолданылады. «Ігір де жоқ, мігір де жоқ» дегенде, адам өзінің іс-әрекетінде жүйесіз, асықпайтын немесе мақсатсыз болып көрінеді. Яғни, адамның әрекеттері мен өмірдегі айқындықтың болмауын білдіреді.

3. «Бір алағайдан соң, бір бұлағай келу» — қысылтаң уақыт. Мағынасы: Бұл тіркес уақыттың немесе жағдайдың үздіксіз өзгерісін, қиындықтар мен қиын сәттердің бірінен кейін бірінің келіп отыратын кезеңін сипаттайды. «Алағай» мен «бұлағай» сөздері көбінесе қиыншылық, аласапыран, белгісіздік кезеңдерін білдіреді. Яғни, бір қиындықтан кейін тағы бір қиындық келеді деген мағынада қолданылған.

4. «Борпаяқ» — жай, шабан қимыл. Мағынасы: «Борпаяқ» сөзі – қимылдың баяулығын, асықпайтындығын білдіреді. Бұл сөз әдетте адамды немесе жан-жануарды сипаттағанда қолданылады. Олар бір нәрсені өте баяу, икемсіз немесе ауыр қимылдармен жасайды. «Борпаяқ» тіркесі, әсіресе, адамның шабан, асықпайтын қимылын сипаттайды.

2. «Тасбақаның шөбі» әңгімесі бойынша:

1. «Әншейінде өз етегіне өзі сүрініп, қапылып жүргенімен, шайы қайнағанша елу ел көшін жөнелтіп, көшкен ел үйін тігіп үлгеретін борпаяқ Сақыптың қара шәйнегі сол күні ө дегенше бұрқ ете түсті. [267-бет, Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повестер мен әңгімелер]

2. Қызын ұрайын, мына бір қу таяққа асылып шойнақтап жүруге бұдан әрі қауһар қылмай барады. [267-бет, Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повестер мен әңгімелер]

3. Оңбайдан естіген әлгі бір әрпіл-тәрпіл өлең жолы аузыңнан шығып кетеді. [271-бет, Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повестер мен әңгімелер]

4. Білмейді екенбіз, Қарабала да оңашада қара өлеңді қайқайтады екен» [272-бет, Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повестер мен әңгімелер]

6. Қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды, қасқа. [279-бет, Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повестер мен әңгімелер]

Қапылып – асығу

Шойнақтап – ақсақтау

әрпіл-тәрпіл – қалай болса солай

қайқайтады екен — әнді жақсы айтады.

Сол сияқты «Қасқа – одағай мәндес көңіл-күйді білдіретін сөз.

Қарау – адамға қатысты сараң, іші тар адам.

Ішін кептіру – жамандау»

Әр сөздің мағынасын терең талдай отырып, олардың халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымына, сондай-ақ адам мінез-құлқына байланысты қолданылуын түсіну маңызды. Берілген сөздерге сәйкес талдаулар келесідей:

1. Қапылып – асығу Бұл сөздің негізінде «қапылып» дегенде бір нәрсеге асығып, шаба

қозғалуды білдіретін мағына жатыр. «Қапылып» сөзі бір нәрсені істеп жатқанда асығып, жылдам әрекет ету немесе жоспарланған уақыттан ерте орындалуы мүмкін әрекеттерді білдіреді. Бұл сөздің қолданылуында негізінен біреудің асығып, әрекет етіп жатқанын немесе бір жағдайдың шұғыл шешімін көргендікті білдіреді.

2. Шойнақтап – ақсақтау «Шойнақтап» сөзі адамның ақсақтап немесе аяғын дұрыс баспай жүріп, әрең қозғалуын білдіреді. Қоғамда «шойнақтау» сөзі көбінесе ауыр немесе қатты жарақат алған адамның жүрісін сипаттауға қолданылса да, кейде ол адамның жалпы қимыл-қозғалысының баяулығы мен қиыншылығын көрсету үшін де пайдаланылуы мүмкін.

3. Әрпіл-тәрпіл – қалай болса солай. Бұл сөздер адамдардың бірдеңені тәртіпсіз, ретсіз, ойланбай істейтін әрекеттерін сипаттайды. «Әрпіл-тәрпіл» дегенде әдетте бір нәрсенің немесе істің қалай болса солай жасалғаны, ұйымсыздық, тәртіпсіздік мағынасында қолданылады. Бұл сөз көбінесе адамның белгілі бір іс-әрекетін дұрыс немесе ұқыпты орындамаған жағдайда айтылады.

4. Қайқайтады екен – әнді жақсы айтады. Бұл сөз адамдардың ән салудағы дауысының немесе әнді орындаудағы шеберлігін сипаттайды. «Қайқайтады екен» деп айтқанда, адамның әнді жақсы, құлшыныспен, жақсы дауысымен айтып тұрғандығы айтылады. Бұл сөз көбінесе біреудің ән айтып жатқанда оның дауысы мен мәнеріне тәнтік білдіретін жақсы мағынада қолданылған.

5. Қасқа – одағай мәндес көңіл-күйді білдіретін сөз. «Қасқа» сөзі адамның мінез-құлқы мен көңіл-күйіне қолданылған кезде көбінесе өткір, дөрекі немесе бейәдеп сипатта болады. Әдетте ол одағай, ұятсыз немесе тәртіпсіз мінез-құлықты білдіреді.

6. Қарау – адамға қатысты сараң, іші тар адам. «Қарау» сөзі адамның мінезін сипаттайтын сөз ретінде қолданған. Сараң адам – адамдарға көмек көрсетуден қашатын адамды сипаттайды. Өзінің ғана қамын ойлайтын күйін білдіреді.

7. Ішін кептіру – жамандау. «Ішін кептіру» сөзі адамның біреуге деген ашуын, ыза-ықыласын білдіретін фразеологизм ретінде қолданылады. Бұл сөзбен белгілі бір адамды жамандау немесе оның көңілін қалдыру процесінде сипатталады. Яғни, біреудің сөздерінен немесе әрекеттерінен қатты қынжылу, ауыр сөздермен жаман атын шығару немесе оны қатты сынау жатады.

3. «Шыңырау» хикаяты бойынша:

1. «Әлде осы арада жер үстіндегі кеуектермен жалғасатын жарық бар ма? [78-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

2. Еңсеп зіп-зілдей кірпіктерін әзер көтерді. [76-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

3. Үсті-басы ебіл-себіл, балалардың иіні жаңарды. [53-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

4. Әйтеуір, ол әркімдер әлімжеттік беретін тілін табан, жалпақ бет, қара бала күйінде қалып қойғысы келмейді. [50-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

5. Ешкімге жылы шырай, оң қабағы жоқ Құлжаннан балалары қатты айбынды». [50-бет, Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том]

Кеуек – үңгір

Зіп-зілдей – ауыр

Ебіл-себіл – жыртық

Оң қабағы жоқ – қатал

әлімжеттік – зорлық көрсету

Бұл үзіндіде Әбіш Кекілбаев өзінің ерекше тіл қолдану шеберлігімен кейіпкердің ішкі дүниесін, оның ауыр халін және қоғаммен қарым-қатынасын бейнелейді. Сөздердің терең мағынасы мен образды қолданысы арқылы жазушы кейіпкердің психологиялық ахуалын, оның қатыгездігін

және қоршаған әлеммен қарым-қатынасын ашып көрсетеді.

Талдап көрейік:

1. Кеуек – үңгір. Мағынасы: «Кеуек» сөзі үңгір, яғни жер астындағы тесіктер мен қуыс жерлерді білдіреді. Бұл сөздің қолданылуы адам өміріндегі ішкі дағдарыс, тығырыққа тірелген, жарық көрмеген, жабық әрі тар кеңістікті білдіретін метафора ретінде қызмет етеді.

2. Зіп-зілдей – ауыр. Мағынасы: «Зіп-зілдей» сөзі өте ауыр, көп күш қажет ететін, физикалық тұрғыдан ауыртпалықты білдіреді. Бұл сөз кейіпкердің қиын жағдайын немесе оның көтеріп тұрған ауыртпалығын көрсету үшін қолданылған.

3. Ебіл-себіл – жыртық. Мағынасы: «Ебіл-себіл» сөзі адамдардың киімінің тозығы жетіп, жыртық, жарамсыз күйде екенін сипаттайды. Бұл сөз кейіпкердің әлеуметтік жағдайының төмендігін, оның тұрмысын, киімінің жұтаңдығын бейнелейді.

4. Оң қабағы жоқ – қатал. Мағынасы: «Оң қабағы жоқ» тіркесі адамның қатал, ашулы, жанашырлық пен мейірімнен ада болған мінезін сипаттайды. Бұл адамды өте қатал, жүрегі жұмсақ емес деп көрсетеді.

5. Әлімжеттік – зорлық көрсету. Мағынасы: «Әлімжеттік» сөзі — басқаларға күш қолдану, зорлық көрсету, күшпен бағындыру деген мағынада қолданылатын сөз. Бұл сөз әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан қатал, авторитарлық мінез-құлықты сипаттайды.

Қорытынды

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тіл ерекшеліктерінің тек аймақтық сипат емес, бүкіл ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтардың көрінісі екеніне көз жеткіздім. Жазушының әрбір сөзі – сол өңірдің болмысы мен өмір салтын бейнелеп қана қоймай, қазақ әдеби тілін байыта түсуге зор үлес қосты. Әбіш Кекілбаев өз туындыларында диактілерді шебер қолдану арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын, тұрмыс-тіршілігін, қоғаммен байланысын терең сипаттайды. Зерттеу нәтижесінде байқағанымыз – көркем әдебиеттегі жергілікті тіл ерекшеліктері қазақ тілінің байлығы мен көркемдік әлеуетін артыра түседі. Жас ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, тілге жанашырлықпен қарауға үйретеді. Сондықтан да Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы

жергілікті тіл ерекшеліктерін зерделеу – тіл мәдениетін дамытуға, әдебиетті терең түсінуге және ұлттық рухани мұраға құрметпен қарауға бастайтын маңызды қадам деп есептеймін.

Жергілікті тіл ерекшеліктерін сақтау және дамыту: Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері бүгінгі таңда көбінесе ұмытылып, жоғалып кету қаупінде тұр. Бұл жоба жергілікті тілдің сақталуына және оның қазіргі қоғамдағы маңыздылығына назар аударуды мақсат етеді. Зерттеу арқылы осы ерекшеліктердің болашақ ұрпаққа жеткізілуіне және сақталуына ықпал етуге болады.

Жазу және сөйлеу дағдыларын жетілдіру: Оқушы жергілікті тіл ерекшеліктерін пайдалану арқылы өз жазу мен сөйлеу дағдыларын жетілдіре алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

Әбіш Кекілбайұлы, 12 томдық шығармалар жинағы, 2 том, Алматы: «Өлке» баспасы, 1999 жыл

Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повестер мен әңгімелер, «Жазушы» баспасы, 1978 жыл

Әбіш Кекілбаев «Ханша-Дария» хикаясы, Балладалар мен роман – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2003 жыл

Ғабит Мүсірепов, Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том, Әңгімелер. Құрастырған: Ә. Нарымбетов, — Алматы: «Жазушы» баспасы, 2002 жыл

<https://bilim-all.kz/article/17363> Ф. Оңғарсынова «Құдық хикаясы»

<https://egemen.kz/article/278285-kishkentay-imperator>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.